

Людмила Гривенная, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ жанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының мөңгерушісі.

Татулығымыз - байлығымыз

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Елбасы - Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен "Жаңғырудың негізі - тұрақтылық, бірлік, келісім" тақырыбымен ҚХА-ның XXV сессиясы болып өтті.

Біздің өңірден барған делегация құрамында мен де болдым. Сессия жұмысына қатысқаным үшін өте қуаныштымын. Ел бірлігін ту еткен, халықтың тыныштығын күйттеген, Елбасымыздың өзі басқаратын бұл институттың негізгі жиынын көзбен көріп, ондағы айтылған мәселелерді көңілге тоқудың өзі бір мәртебе емес пе?!

Сессия соңында Қазақстан халқы Ассамблеясы XXV сессиясына қатысушылардың Үндеуін оқыдым. Қатты толқыдым. Мұндай сезімді мінберге көтеріліп сөз сөйлегендердің де бастан өткергені анық. Себебі, Президентіміз олардың әрқайсысын мұқият тыңдап, қолдап, демеп отырды.

Ал мен осындай құрметке ие болуымды өзім жетекшілік етіп отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының жұмысының жоғары бағалануынан деп білдім. Себебі, үш жыл бұрын алғашқылардың бірі болып ашылған М.Қозыбаев атындағы СҚМУ жанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы бүгінгі таңда өзгелерге тәжірибесін көрсететін дәрежеге жетті. "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі және Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ғылыми-сараптамалық кеңес өкілдері біздің атқарып жатқан жұмысымызды көріп, көңілдері толған еді.

Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамынан және қоғамдық ұйымдар өкілдерінен құралған ғылыми-әдістемелік бірлеслік этносаралық мәселелермен шуғылданады. Әдістемелік құралдар жасалып, оқу үдерісіне енгізілді. Мәселен, өткен жылы 12 әдістемелік құрал шығарсақ, биыл да осынша көлемде әзірлеу жоспарланып отыр. Студенттерге "Этностық-конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі" және "Дінта-ну" курстары оқытылады. Енді "Мәңгілік Ел - біздің құндылығымыз" атты пән әзірленуде. "Менің сан қырлы Қазақстаным" фотосуреттер онлайн-сайысына, "Бір мемлекет - бір отбасы", "Қазақстанға қалай тап болдым?", "Патриот деген...", "Тегі әртүрлі - теңдік бір", "Тәуелсіздік тұғыры" атты эсселер, "Менің Отаным - Қазақстан!" атты жобалар байқауына қатысушылар шоғыры қалың болды. Студенттердің саяси, мәдени өмірінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының алатын орны ерекше. Алдағы кезеңге жоспарлап отырған шаралар аз емес. Мұның бәрі қоғамды топтастыруға, этноконфессиялық қатынастарды үйлестіруге, ұлтаралық келісімді нығайтуға бағыттала беретін болады.

// Солтүстік Қазақстан. - 2017. - 29 сәуір